

ЕРКІН ЕЛДІҢ АЙЫЫНЫ – ТӘУЕЛСІЗДІК!



№49 (188)

13 ЖЕЛТОҚСАН
СЕНБІ
2025 ЖЫЛ

ГАЗЕТ 2022 ЖЫЛДЫҢ
22 АҚПАНЫНАН
БАСТАП ШЫҒАДЫ

Jaңa Bastau

ҚОСШЫ ҚАЛАСЫНЫҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

АЗАТТЫҚ ТАҢЫН АҢСАҒАН ХАЛЫҚТЫҢ ЖЕҢІСІ

16 желтоқсан – қазақ тарихындағы ең елеулі дата. 34 жыл бұрын дәл осы күні Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заңға қол қойылды. Аңсаған азаттықты қадірлеп келе жатқан бұл 34 жыл ішінде Қазақстан елеулі жетістіктерге жетіп, күрделі сын-қатерлерді артқа тастады. Төл валютамыз – теңгені қолданысқа енгізді. Айбынды әскерін құрды. Шекарасын шегендеп, Арқа төсіне жаңа астанасын салды. Мемлекеттік рәміздерін бекітті. Орнықты мемлекеттік институттары бар және экономикасы бәсекеге қабілетті демократиялық мемлекет ретінде қалыптасты.

(Жалғасы 5-бетте)



ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ ЖАҢА ДЕҢГЕЙ

Қосшы қаласында қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытында заманауи технологияларға негізделген ауқымды жоба іске қосылды. Әмбебап мониторинг кешені мыңнан аса бейнебақылау камерасын бір орталықтан басқаруға мүмкіндік береді. Қаланың көшелеріне, әлеуметтік нысандар мен тұрғын-үй аулаларына орнатылған құрылғылар қоғамдық тәртіпті толық қамтып, жедел әрекет етуге жол ашады. Осылайша шағын шаһар жасанды интеллект жүйесінің артықшылықтарын күнделікті тұрмыста тиімді қолдана бастады.

Жедел басқару орталығында қазір тәулік бойы полиция басқармасының қызметкерлері және әкімдіктің коммуналдық сала мамандары жұмыс істейді. Арнайы жабдықталған бұл орталықта операторлар кез келген аймақтың бейнесін лезде үлкейтіп, жағдайды нақты бағалай алады. Жоғары сапалы оптика мен жасанды интеллект алгоритмдерінің арқасында тіпті қозғалыстағы көліктің ішіндегі адамның бет-әлпетін немесе транспорт құралының нөмірін анық көруге мүмкіндік бар. Бұл құқықбұзушылықтың алдын алу, жол-көлік оқиғаларын тіркеу, жоғалған адамдарды табу сияқты маңызды міндеттерді жедел шешуге үлкен септігін тигізеді.

Кешеннің тағы бір артықшылығы – тұрғындардың қауіпсіздігін ғана емес, қала инфрақұрылымының жай-күйін де бақылауға мүмкіндік беруі. Коммуналдық қызмет өкілдері камералар арқылы көшелердің тазалығын, жарықтандыруды, аула аумақтарының тәртібін қадағалап, қажет болған жағдайда тиісті бөлімдерге жедел хабар береді. Бұл өз кезегінде қызмет көрсету сапасының артуына әкеледі.

Жасанды интеллект элементтері операторларға күдікті жағдайларды автоматты түрде ескертіп, адам көзіне бірден түсе бермейтін үдерістерді де анықтай алады. Мәселен, жүйе түнде қозғалыс бағытын, адамдардың шоғырлануын, ерекше әрекеттерді немесе заңсыз қоқыс тастауды автоматты түрде белгілейді.

ОБЛЫСТЫҢ ҮЗДІК МӘДЕНИЕТ ҮЙІ

Биылғы жыл Қосшы қаласының мәдениеті үшін елеулі жетістіктермен есте қалды. Жыл қорытындысы бойынша мәдениет пен өнерді, руханиятты, балалар шығармашылығын және көркем өнерпаздар ұжымдарын дамыту бағытында атқарылған ауқымды жұмыс жоғары бағаланып, Қосшы қаласының Мәдениет үйі облыс деңгейінде «Үздік мәдениет нысаны» атанды. Бұл мәртебе – бір жылдың ғана емес, ұзақ жылдар бойы жүйелі түрде жүргізілген еңбектің нәтижесі.

Жеңіс Мәдениет үйіне шабыт сыйлап қана қоймай, қаржылай сертификат пен жыл бойы сақталатын көшпелі кубок табысталды. Бұл – ұйымның өңірдегі мәдени ортаға қосқан үлесінің ресми мойындалуы. Қосшы қаласының рухани өмірін жандандырып, ел ішінде өнерді өрге сүйреген ұжымның еңбегі осылайша лайықты бағасын алды.

Былтыр Мәдениет үйі әртүрлі деңгейдегі 300-ден аса мәдени іс-шара ұйымдастырып, жүздеген мың көрерменді қамтыды. Бұл – шағын қаланың мәдени әлеуетінің қаншалықты жоғары екенін көрсететін айқын дәлел. Елдік рухты көтеретін мерекелік концерттер, ұлттық өнерді дәріптейтін шығармашылық кештер, жас дарындарды қолдайтын байқаулар мен фестивальдер қала тұрғындары мен қонақтарының ерекше ықыласына бөленді.

Бүгінде мекемеде 500-ге жуық бала өнер және шығармашылық бағытындағы үйірмелерге тұрақты қатысады. Домбыра мен вокалдан бастап, би өнері, театр студиясы, қолөнер және заманауи бағыттағы үйірмелер балалардың қабілетін ашып, өнерді сүйетін жаңа буынды қалыптастыруға зор мүмкіндік береді. Осылайша, балалардың шығармашылық ортасы кеңейіп, таланттардың шыңдалуына барынша жағдай жасалып келеді.

Мәдениет үйі ұжымының бұл табысы – тек мекеменің емес, жалпы Қосшы қаласының мерейін өсірген қуанышты жаңалық. Жеңіс оларға алдағы уақытта да нақты мақсат қойып, тыңғылықты әрі жоспарлы жұмыс жүргізуге зор мотивация болды. Өнер мен мәдениет саласында тың жобалар іске асып, жас ұрпақтың рухани дамуына бағытталған жаңа бастамалар қолға алынбақ.





ҚҰРМЕТТІ ҚОСШЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ!

Баршаңызды ел мерейін асыратын қастерлі мереке – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Тәуелсіздік – әр қазақстандық үшін ең қымбат құндылық, елдігіміздің тұғыры, бірлігіміздің берік символы.

Еліміздің қалыптасуы мен дамуына өлшеусіз үлес қосқан мемлекет қайраткерлеріне, еліміздің өркендеуіне қызмет етіп жүрген барша азаматтарға алғыс білдіреміз. Тәуелсіздікті сақтау – өткенге құрмет, бүгінгі бейбіт өмірдің бағасы және келешек ұрпақ алдындағы аманат.

Соңғы жылдары Қосшы қаласы да тұрақты түрде дамып келеді. Жаңа әлеуметтік нысандар бой көтеріп, жол, су, жарық, газ сияқты инфрақұрылым жүйелі түрде жаңартылуда. Қаладағы игі бастамалар – тұрғындардың белсенділігі мен қолдауының нәтижесі.

Құрметті ағайын!

Тәуелсіздік күні – елдің мерейін өсіретін, рухымызды көтеретін ұлық мейрам.

Бірлігіміз бекем болып, тәуелсіздігіміз мәңгі жасай берсін! Әр шаңырақта амандық, береке-тыныштық орнасын!

Баршаңызға мықты денсаулық, мол ырыс, толайым табыс тілеймін!

Тәуелсіздік күні құтты болсын!

Құрметпен,
Қосшы қаласының әкімі Азамат Есімұлы

Хабарлама

«IL-TOV» ЖШС жұмыс істеп тұрған «IL-TOV» ЖШС кәсіпорны үшін «Ықтимал әсерлер туралы есеп» жобасын талқылау бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды.

Аумағы әсер етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өтетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі (бір тыңдау тақырыбы бойынша қоғамдық тыңдаулар бірнеше әкімшілік-аумақтық бірлікте өткізілсе): Ақмола облысы, Қосшы қаласы.

Объектінің географиялық координаттары: 1. 50°58'12.37» С; 71°21'23.32» В 2. 50°58'11.86» С; 71°21'27.15» В 3. 50°58'6.64» С; 71°21'25.16» В 4. 50°58'7.37» С; 71°21'21.53» В.

Тыңдау 22.01.2026, сағат 12:00-де Ақмола облысы, Қосшы қаласы, Абай Құнанбаев көшесі, 36-ғимарат (әкімшілік ғимарат) мекенжайы бойынша өтеді.

Тыңдауларға қатысу үшін ZOOM арқылы қосылуға болады. Конференция ID: 238 034 5491. Қол жеткізу коды: 123456.

Ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін.

Бастамашы – «IL-TOV» ЖШС. Тел.: 8 (701) 549 84 02.

Жобалау құжаттамасын әзірлеуші: «Green-TAU» ЖШС. тел.: 8 (702) 188 98 15.

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттармен, содан кейін жарияланған қоғамдық тыңдаулар хаттамасымен «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» порталында танысуға болады.

<https://hearings.ndbecology.gov.kz/>, сондай - ақ «Ақмола облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ЖАО-ММ сайтында: <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr/documents/1?lang=ru>.

Ескертулер мен ұсыныстар «Ақмола облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 89 мекенжайы бойынша жазбаша немесе электрондық нысанда қабылданады. тел.: 8 (7162) 40 28 07, e-mail: expreso2@mail.ru.

Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпаратқа жұртшылықтың қол жеткізуді қамтамасыз етуге жауапты ЖАО – «Ақмола облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 89. тел.: 8 (7162) 40 28 07, e-mail: expreso2@mail.ru.

ТОО «IL-TOV» уведомляет о проведении общественных слушаний по обсуждению проекта «Отчета о возможных воздействиях» для действующего предприятия ТОО «IL-TOV».

Перечень административно-территориальных единиц на территории которых может быть оказано воздействие и на территории которых будут проведены общественные слушания (если общественные слушания по одному и тому же предмету слушаний проводятся более чем в одной административно-территориальной единице): Акмолинская область, г. Косшы.

Географические координаты земельного участка: 1. 50°58'12.37» С; 71°21'23.32» В 2. 50°58'11.86» С; 71°21'27.15» В 3. 50°58'6.64» С; 71°21'25.16» В 4. 50°58'7.37» С; 71°21'21.53» В.

Слушания состоятся в 22.01.2026 в 12:00 часов по адресу: Акмолинская область, город Косшы, улица Абая Кунанбаева, строение 36 (административное здание).

Для участия в слушаниях можно, подключится через ZOOM. Идентификатор конференции: 238 034 5491. Код доступа: 123456.

Срок проведения открытого собрания может быть продлен до пяти последовательных рабочих дней по решению участников общественных слушаний.

Инициатор – ТОО «IL-TOV». тел. 8 (701) 549 84 02.

Разработчик проектной документации проекта ТОО «Green-TAU». тел. 8(702)1889815.

Ознакомиться с документами, выносимыми на общественные слушания, а после и с опубликованным протоколом общественных слушаний можно на портале «Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов» <https://hearings.ndbecology.gov.kz/> а также на сайте МИО - ГУ «Управления природных ресурсов и регулирования природопользования Акмолинской области» на сайте <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr/documents/1?lang=ru>.

Замечания и предложения принимаются в письменной или электронной форме по адресу: ГУ «Управления природных ресурсов и регулирования природопользования Акмолинской области», г. Кокшетау, ул. Абая, 89. тел.: 8 (7162) 40 28 07, e-mail: expreso2@mail.ru.

МИО ответственный за обеспечение доступа общественности к информации о проведении общественных слушаний - ГУ «Управления природных ресурсов и регулирования природопользования Акмолинской области», г. Кокшетау, ул. Абая, 89. тел.: 8 (7162) 40 28 07, e-mail: expreso2@mail.ru.

«Сауда-саттықты (аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне кұқықтарды алу» Мемлекеттік қызмет

Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілдері:

«Электрондық үкіметтің» веб-порталы және «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы.

1 КЕЗЕҢ

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі:

Өздеріне меншік құқығымен және (немесе) өзге де заттық құқықтармен тиесілі ғимараттарды (құрылыстарды) пайдалану және күтіп-ұстау үшін, оның ішінде іргелес аумақтағы ғимараттарды (құрылыстарды) кеңейту және реконструкциялау үшін Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілген сәулет-қала құрылысы және (немесе) құрылыс құжаттамасына сәйкес:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нұсқа бойынша сауда-саттық өткізуді талап етпейтін, мемлекеттік меншіктегі жер учаскелеріне құқықты сатып алуға арналған өтініш;

2) сұралып отырған жер учаскесінің схемасы (жоспары);

3) сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшесінің оң қорытындысы;

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

сұралып отырған жер учаскесін аумақты аймақтарға бөлуге сәйкес мәлімделген нысаналы мақсаты бойынша пайдалану мүмкіндігін айқындау, жер учаскесін алдын ала таңдау, жер комиссиясының қорытындысын дайындау – 12 (он екі) жұмыс күні ішінде.

2 КЕЗЕҢ

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі:

бекітілген жерге орналастыру жобасы және жерге орналастыру жобасын бекіту туралы бұйрық.

Портал арқылы жүгінген жағдайда тізбеде көрсетілген құжаттар электрондық құжаттар көшірмесі ретінде ұсынылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

жер учаскесіне құқық беру туралы шешім қабылдау және сатып алу-сату шартын немесе уақытша (қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді) өтеулі (өтеусіз) жер пайдалану шартын жасасу – бекітілген жерге орналастыру жобасы келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі: Жер учаскесіне құқық беру туралы шешім және сатып алу-сату не уақытша (қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді) өтеулі (өтеусіз) жер пайдалану шартын жасасу не мемлекеттік қызметті көрсетуден уәжді бас тарту.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздер:

1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған деректер мен мәліметтердің Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) көрсетілетін қызметті алушының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес мемлекеттік қызметті көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімінің болмауы;

4) көрсетілетін қызметті алушының Кодекстің 92 және 93-баптарына сәйкес заңды күшіне енген сот шешімінің негізінде жер учаскелері мәжбүрлеп алынып қойылған адамдар тізілімінде болуы.

Мемлекеттік қызметті көрсету түрі: электрондық (ішінара автоматтандырылған)/қағаз түрінде.

Ұлпан АЛИМОВА,
«Қосшы қаласы Тайтөбе ауылы әкімінің аппараты» ММ бас маманы

Ахіота тобы қаланың абыройын арттырды

Ақмола облыстық Жастар ресурстық орталығының бастамасымен өткен «Талантты жастар-2025» фестивалі аясында интеллектуалды бағыт бойынша «Тапқырлар алаңы» зияткерлік ойыны ұйымдастырылды.

Аталған сайысқа өңірдің үздік білімді жастары қатысып, өзара білім мен логика бәсекесіне түсті.

Бұл додада Қосшы қаласының намысын қорғаған Ахіота тобы жоғары нәтиже көрсетіп, жүлделі ІІ орынға ие болды. Команданың үздік ойыны үшін арнайы диплом табысталып, 150 мың теңге ақшалай сыйақы берілді.

Зияткерлік сайыста алдыңғы орыннан көрініп, қала абыройын арттырған Ахіота тобының жетісі – Қосшы жастарының белсенділігі мен білімге деген құштарлығының айқын дәлелі.



Қосшы қаласының Мәдениет үйі жанындағы «Кәусар» ұлттық би үйірмесінің жас бишілері Халықаралық «Танцуй всей душой» байқауында топ жарып, Гран-при иеленді.

Гран-при – қосшылық бишілер еншісінде

Өнер додасына көптеген талантты ұжымдар қатысса да қосшылық өнерпаздар өздерінің би өнерін жоғары деңгейде паш етіп, қазылар алқасының ерекше бағасына ие болды.

Ұжымның шығармашылық жетістігі – жетекші Әсел Қалыбаеваның кәсіби еңбегінің

және тәрбиеленушілердің табандылығы мен өнерге деген сүйіспеншілігінің жемісі. Бұл жеңіс Қосшы қаласының мәдени өміріндегі елеулі оқиға болып, жас өнерпаздардың алдағы шығармашылық ізденістеріне тын серпін берді.



ЖЕЛТОҚСАН – ТӘУЕЛСІЗДІККЕ БАСТАУ БОЛҒАН ШЕЖІРЕ

Биыл 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісіне 39 жыл толды. Ұлт тарихындағы аса қасиетті, аса тағдырлы белестердің бірі болған бұл көтеріліс қазақ жастарының өр рухын, Отанға деген адалдық пен ұлттық намысты қорғаудағы қайсарлығын айқын көрсетті. Желтоқсан алауы – бүгінгі Тәуелсіздіктің алғашқы жаршысы, елдік рухтың мәңгілік символы. Сол күн-дердегі әділдік жолындағы азаматтық батылдық уақыт өткен сайын тарих парақтарында асқақтай түсті.

9 желтоқсанда Қосшыдағы қоғамдық мәдени-спорт кешенінде тілдерді оқыту орталығы мен қалалық кітапхананың ұйымдастыруымен «Желтоқсан – Тәуелсіздік шежіресі» атты тағылымды кездесу өтті. Жастарға тарихи шындықты жеткізіп, елдіктің қадірін ұғындыруды мақсат еткен бұл шараға Желтоқсан оқиғасының тікелей куәгерлері арнайы шақырылды.

Кездесуге қатысқандар:
- Құрманғазы Рахметов, «Нағыз Желтоқсан» қоғамдық қорының президенті;
- Мұхамедқали Баймұханов, Қазақстанның құрметті журналисі, мәдениет қайраткері;

- Ерқожа Тілепбердиев, ақын, сазгер;
- Ғалы Тәуекелов, запастағы полковник.

Қонақтар 1986 жылдың желтоқсанында алаңға шыққан жастардың жанына батқан әділетсіздік, олардың өр мінезі мен ел болашағы үшін жасаған ерлік қадамдары туралы шынайы естеліктерін бөлісті. Әрбір айтылған әңгіме – тарихтың тірі шежіресі, ұмытылмас тағдырлар мен жүрекке жазылған естеліктер. Желтоқсан оқиғасына қатысқан азаматтар жастарды ұлттық рухты биік ұстап, Тәуелсіздіктің қадірін терең сезінуге шақырды.

«Замандас» ардагерлер халық хоры

ның орындаған әсерлі әндері кештің рухани мазмұнын байыта түсті. Желтоқсанның мұңын да, рухын да жеткізген бұл әуендер залдағы көпшіліктің жүрегіне терең әсер етті. Сонымен қатар дәстүрлі әншілердің өнері шараның мазмұнын толықтырып, ұлттық рухтың көркем көрінісін айшықтай түсті.

«Желтоқсан – Тәуелсіздік шежіресі» атты бұл кездесу – тарихты ұмытпай, өткеннен тағылым алуға бағытталған маңызды басқосу. Желтоқсан көтерілісі тәуелсіздігімізге апарар жолдың алғашқы қадамы, ұлт рухының отын маздатқан үлкен оқиға екенін тағы бір мәрте айғақтап берді.



Қосшы қаласының әкімі Азамат Қапышев Тайтөбе ауылының тұрғындарымен кездесу өткізіп, ауылдың өзекті мәселелері мен даму бағыттарын талқылады. Жиынға ауыл тұрғындары мен Тайтөбе ауылының әкімі Парасат Досмағамбетов қатысты.

Қала әкімі Тайтөбе ауылының тұрғындарымен кездесті

Кездесу барысында Парасат Досмағамбетов ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуы бойынша атқарылған нақты жұмыстарға тоқталды. Оның мәліметінше, ауылда жол жөндеу жұмыстары, ауыз су және газ құбырларын тарту, электр желілерін қосу, сондай-ақ көшелерге жарық шамдарын орнату сияқты аймақ тұрғындарының өмір сапасын жақсартуға бағытталған бірқатар жоба іске асырылып жатыр. Бұл шаралар ауыл тұрғындарының күнделікті тұрмысын жеңілдетуге және инфрақұрылымды жаңартуға бағытталған.

Кездесу барысында тұрғындар өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, әкімнен толық әрі нақты

жауап алды.

Азамат Қапышев тұрғындардың ұсыныстары мен шағымдарын тыңдап, көтерілген мәселелер бойынша тиісті бөлім басшыларына нақты тапсырмалар бергенін айтты. Сондай-ақ ол барлық жұмыстың сапалы әрі уақтылы орындалуын қатаң бақылауға алатынын атап өтті.

Қосшы қаласының әкімі мен ауыл тұрғындарының кездесуі халықтың мәселесін шешуге бағытталған ашық диалог ретінде өтті. Мұндай кездесулер жергілікті билік пен тұрғындар арасындағы байланысты нығайтып, ауылдың дамуына серпін беретін маңызды бастама саналады.



МАМАНДАР МОТИВАЦИЯСЫ

Қосшы қаласында жастардың кәсіби және тұлғалық дамуын қолдауға бағытталған «Жетістік формуласы-2025» атты мотивациялық конференция ұйымдастырылды. Шараға қала жастары, оқушылар мен жас мамандар қатысып, өз өмірлік бағытын айқындауға көмектесетін нақты тәжірибе мен шабыт алды.



Конференция барысында спикерлер жеке тәжірибелерін бөлісіп, жетістікке жетудің тиімді әдістерін түсіндірді.

Спикерлер қатарында:
- Ботагөз Бәкен, Samgau Academy негізін қалаушы, тұлғалық даму бағытында танымал маман;
- Ерасыл Мағзұмов, MLM саласында 3 жыл тәжірибесі бар жас кәсіпкер, табысқа жол ашатын тәсілдер жөнінде кеңес берді;
- BilOrda тобы, робототехника саласындағы заманауи жобаларды таныстырып, болашақ мамандықтар туралы пайдалы ақпарат ұсынды.

Қатысушылар спикерлерге сұрақ қойып, кәсіби

кеңес пен жан-жақты жауаптар алды. Шара жастарға жаңа идеялар, мақсаттар және үлкен мотивация сыйлаған мазмұнды алаң болды.

«Бұл конференция мен үшін өте пайдалы өтті. Әсіресе спикерлердің табысқа жету жолындағы тәжірибелері көп нәрсеге ой салды. Ерасыл ағайдың айтқан кеңестері мені өз мақсатымды нақтылап, батыл қадам жасауға ынталандырды. Осындай шаралар жиі өтсе, жастарға үлкен көмек болар еді», – дейді Қосшы орта мектебінің 10-сынып оқушысы Аружан.

Лаура ТАРҒЫН,
Қосшы ЖРО маманы

ЗАМАНАУИ ПЛАТФОРМА – АҒЫЛШЫН ТІЛІН ҮЙРЕНУДІҢ ЖАҢА ӘЛЕМІ

Кіріспе

Қазіргі кезеңде әлемдегі ақпарат ағынының жылдамдығы, ғылым мен технологияның қарқынды дамуы шет тілдерін меңгеруге деген қажеттілікті күшейтті. Әсіресе ағылшын тілі халықаралық байланыс, білім, ғылым және еңбек нарығындағы негізгі тілдің біріне айналды. Осы орайда тіл үйретудің дәстүрлі тәсілдерімен қатар, жаңа технологиялық шешімдерге негізделген заманауи платформалар кеңінен қолданысқа ене бастады.

Бүгінде интернет желісі арқылы қолжетімді оқу ортасы, арнайы қосымшалар, бейнематериалдар, дыбыстық тапсырмалар мен жасанды зерде құралдары ағылшын тілін үйренуді анағұрлым жеңіл әрі нәтижелі етіп отыр. Бұл зерттеудің мақсаты – заманауи платформалардың ағылшын тілін меңгерудегі рөлін талдау және олардың оқу үдерісіне тигізетін ықпалын анықтау.

Әдістер

Зерттеу барысында сапалық сараптау әдісі қолданылды. Талдау нысаны ретінде қашықтан оқытуға арналған әртүрлі заманауи платформалар, білім беру қосымшалары, бейнедерістер, сөздік жаттығулары және жасанды зердеге негізделген оқу құралдары алынды.

Олардың оқушы деректерін өңдеу мүмкіндігі, тапсырмаларды автоматты түрде тексеру, сөйлеу

және тыңдалым дағдыларын дамытуға арналған технологиялары, сондай-ақ оқушы деңгейіне бейімделу мүмкіндіктері қарастырылды.

Педагогтердің тәжірибесі, оқушылардың оқу белсенділігі және тілдік дағдылардың қалыптасу ерекшеліктері де зерттеу деректері ретінде қамтылды.

Нәтижелер

Талдау нәтижелері заманауи платформалардың ағылшын тілін үйретуде ерекше тиімді екенін көрсетті.

1. Оқудың қолжетімділігі артты.

Платформалар тәуліктің кез келген уақытында білім алуға мүмкіндік береді. Бұл оқушының өз бетімен дайындалуына жағдай жасап, оқу тәртібін қалыптастырады.

2. Төрт негізгі тілдік дағдыны кешенді дамытуға мүмкіндік береді:

- Тыңдалым дағдысы: бейнедерістер, дыбыстық мәтіндер, интерактивті тыңдалым жаттығулары;
- Оқылым дағдысы: жеңілдетілген мәтіндер, жаңалықтар, оқуға арналған материалдар;
- Жазылым дағдысы: автоматты тексеру жүйелері, мәтін құрастыруға арналған үлгілер;
- Сөйлеу дағдысы: дыбысты тану технологиясы арқылы айтылымды түзету.

3. Ойын элементтері мотивацияны арттырады.

Платформаларда ұпай жинау, деңгей көтеру, күнделікті тапсырмалар тізбегін орындау сияқты әдістер жиі қолданылады. Бұл оқушыны жиі жаттығуға ынталандырады.

4. Жасанды зерде оқу сапасын күшейтті.

Жүйелер әр оқушының білім деңгейін анықтап, соған сәйкес тапсырмалар ұсынады. Қателерді саралап, дұрыс нұсқаны түсіндіреді. Бұл жеке оқыту тәсілінің тиімділігін арттырады.

5. Мұғалімнің жұмысын жеңілдетеді.

Платформалар тест жасау, материалды түрлендіру, тапсырмаларды автоматты бағалау сияқты көптеген әрекеттерді өздері орындайды. Бұл мұғалімге оқыту сапасын арттыруға көбірек уақыт бөлуге мүмкіндік береді.

Талқылау

Зерттеу нәтижелері заманауи платформалар ағылшын тілін меңгеруде маңызды құрал екенін айқын көрсетті. Алайда оларды тиімді қолдану үшін мұғалімнің бағыт-бағдары қажет. Платформалар оқушының жеке қарқыны мен қызығушылығын ескергенмен, адам тарапынан түсіндіру, бағыттау және бақылау міндетін толық атқара алмайды.

Платформалар әртүрлі дағдыларды әр қырынан дамытатындықтан, сабақ барысында дұрыс біріктіру маңызды. Мысалы, сөздік жаттығуларға ар-

налған платформалар сөз қорын тиімді арттырса, бейнематериалдар тыңдалым мен сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға көмектеседі.

Сонымен бірге оқушылардың жас ерекшелігі, оқу дағдысы мен мақсаттары ескерілген жағдайда заманауи платформалардың тиімділігі әлдеқайда артады. Ең нәтижелі модель – дәстүрлі сабақ пен цифрлық мүмкіндіктерді үйлестіретін аралас оқыту тәсілі.

Қорытынды

Заманауи платформалар ағылшын тілін үйрету саласына жаңа серпін беріп, білім алуды икемді, қолжетімді және қызықты үдеріске айналдырды. Олар оқушылардың жеке оқу қарқынын сақтай отырып, тілдік дағдыларды кешенді дамытуға мүмкіндік береді.

Жасанды зерденің дамуы мен цифрландырудың кеңеюі алдағы уақытта тіл үйрету үдерісін одан әрі жетілдіре түсетіні күмәнсіз. Сол себепті заманауи платформа – тек қосымша құрал емес, ағылшын тілін меңгерудің жаңа әлемін ашатын тиімді білім беру кеңістігі.

Сымбат ӘЛИХАНОВА,
Қосшы қаласы әкімдігінің
«Тілдерді оқыту орталығы» КММ
ағылшын тілі оқытушысы



АЗАТТЫҚ ТАҢЫН АҢСАҒАН ХАЛЫҚТЫҢ ЖЕҢІСІ

(Басы 1-бетте)

Бір қызығы, 1991 жылы 16 желтоқсанда сол кездегі президент Нұрсұлтан Назарбаев қол қойған Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заң заңнама тұрғысынан КСРО-да қабылданған ақырғы құжат болды. Сол шешім ұзағынан сүйіндірген Қазақстан қазір әлемдік сауда-экономикалық жүйеге толық еніп, өзін сенімді серіктес ретінде көрсете білді. Енді бізбен әлемнің 120-дан аса елі дипломатиялық қарым-қатынас орнатқан. Ауқымды реформалар іске асып, экономикамен қатар, әлеуметтік сала да жылдам жаңғыру жолына түсті. Оны дамытатын азат халықтың саны 20 миллионнан асып отыр.

Еске сала кетсек, Тәуелсіздігіміздің алғашқы 10 жылы дербес елдің айшықтарын айқындап, конституциялық құрылымды қалыптастыруға арналды. Төл валютамыз айналымға енгізіліп, Қарулы Күштер жасақталды. КСРО-дан мұраға қалған жоспарлы экономикалық саясаттың орнына нарықтық қарым-қатынастар орнықты.

Ал Тәуелсіздіктің екінші онжылдығы «мұнай дәуірі» деген атаумен тарихта қалары сөзсіз. Өйткені әуелі дамудың күмәнсіз даңғылындай көрінген экономикалық үрдістер жылдар өте келе сын-қатерін де көрсете бастады. Астана елдің ресми ордасы ретінде толық қалыптасып, республиканың әр түкпірінен бәсекелі орта іздеген жұрттың бәрі тартылатын мегаполиске айналды.

– Бұл – халқымыздың азаттық туралы арманы ақиқатқа айналып, елдің дәстүрлеріміз жаңғырған күн. Осы мерейлі мерекеде бәріміз бабалар аманатына әрдайым адал болудың және ұлт болашағына зор жауапкершілікпен қараудың мән-маңызын терең түсінеміз. Себебі тәу егер Тәуелсіздігіміз – баршаға ортақ құндылық әрі барлық игілігіміздің бастауында тұрған баға жетпес байлық. Тәуелсіздігімізден биік еш нәрсе жоқ. Оны көздің қарашығындай қорғау – әр азаматтың перзенттік парызы. Бүгінде еліміздің халықаралық аренадағы абырой-беделі жоғары, бағдары айқын. Тәуелсіз мемлекетіміз өркеніетті, озық ел ретінде дамып келеді. Халқымыздың ғасырлар бойы аңсаған азат күнге еселі еңбек пен ырысты ынтымақтың арқасында қол жеткізгені анық. Берекелі бірлігімізді, қоғамдағы тыныштық пен тұрақтылықты сақтау – баршамызға міндет, – деді президент Қасым-Жомарт Тоқаев.

Иә, Тәуелсіздік – кез келген мемлекеттің ең басты байлығы. Әр халық оған революция, соғыс, ұлттық-азаттық күрес сияқты түрлі жолмен жетеді. Қазақстан үшін де 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі халықтың еркіндікке, өзін-өзі анықтауға деген талпынысының бастауы болды. Ал мемлекеттік егемендік алу жолы 1990 жылғы 24 сәуірде Қазақ КСР президенті лауазымын енгізу және Қазақ КСР Конституциясына өзгерістер енгізу туралы заңның қабылдануынан басталған. Президенттік институттың енгізілуі одақтас республика ретінде Қазақстанның нақты егемендікке қарай жасаған алғашқы маңызды

қадамы еді. Дәл осы күні Жоғарғы Кеңес Нұрсұлтан Назарбаевты Қазақ КСР президенті етіп сайлады. Ол кезде Нұрсұлтан Назарбаев Қазақ КСР Компартиясы ОК-нің бірінші хатшысы қызметін атқарған. Оның мемлекет басшысы ретіндегі алғашқы маңызды қадамдарының бірі «Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігі туралы» Декларацияны әзірлеу болды. Ол Декларацияны Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің XII шақырылымы 1990 жылдың 25 қазанында қабылдады. Қазақстанның тәуелсіз дамуға бет бұруындағы алғашқы қадам дәл осы құжат еді. Ал 1991 жылғы Тәуелсіздік туралы Конституциялық заң Егемендік туралы Декларациямен қатар, еліміздің мемлекеттік тәуелсіздігін ресми түрде бекіткен негізгі құқықтық акті саналады. Қысқасы, жаңа тәуелсіз мемлекет – Қазақстан Республикасының конституциялық-құқықтық іргетасын осы екі құжат қалады. Сол сәттен бастап Қазақстан өзге мемлекеттер жүздеген жылда еңсеретін жолдан өтті. Сондықтан Қазақстанның нарықтық экономикасы бар тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы қоғам өмірі мен ойлау жүйесінің түбегейлі өзгеруін талап етті. Тұңғыш президент Нұрсұлтан Назарбаевтың ұстанымы «алдымен экономика, содан кейін саясат» қағидатына негізделді.

Осылайша, Тәуелсіздіктің үш онжылдығы Қазақстан үшін экономикалық прогресс пен тұрақты дамудың дәуіріне айналды. Еліміз посткеңестік кеңістіктегі ең табысты нарықтық реформаларды іске асырған мемлекет болды. Оған дәлел, Еуропалық Одақ пен АҚШ бізді посткеңестік кеңістіктегі нарықтық экономикасы бар алғашқы мемлекет ретінде мойындады.

2006 жылы Дүниежүзілік банк Қазақстанды табысы ортадан жоғары елдер қатарына қосты.

2012 жылы әлемнің ең бәсекеге қабілетті 50 экономикасының қатарына ендік.

2015 жылы Дүниежүзілік сауда ұйымының толыққанды мүшесі атандық.

Сол жас мемлекет бүгінде 100-ден аса елге 2 500-ден аса түрлі тауар экспорттайды.

Сонымен қатар ұлттық саясаттағы сабақтастық елдегі ынтымақ пен тең құқықтылық қағидаттарын нығайтты. Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылуы ұлттық бірліктің негізін қалады. Әрбір азаматқа ұлты мен дініне қарамастан бірдей мүмкіндіктер ұсынылды. Соның арқасында елде қоғамдық келісім мен этносаралық татулық орнады. Қазір сол Қазақстан халқы Ассамблеясының бірегей моделі әлемде мойындалып, ұйым елдегі азаматтық қоғам мен мемлекет арасындағы маңызды институтқа айналды. Оған қоса, Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездері, Қазақстанның бейбітшілік бастамалары еліміздің халықаралық беделін арттыра түсті.

Нәтижесінде БҰҰ Бас хатшысы Кофи Аннан Қазақстан халқы Ассамблеясын басқа мемлекеттерге үлгі тұтты.

2001 жылы Қазақстанға келген Папа Иоанн Павел II де қазақстандықтарды өзара түсіністік пен тұрақтылықтың жарқын үлгісі деп бағалады.

Астана қаласының өзі – тәуелсіз Қазақстанның символы, ұлттық бренд. Себебі 1999 жылы ЮНЕСКО шешімімен бас қаламыз «Бейбітшілік қаласы» атағына ие болды. 2000 жылдан бастап ірі қалалар мен астаналардың халықаралық ассамблеясына мүше. Қазақстанның барлық саладағы тұрақты дамуы оның халықаралық аренадағы беделін едәуір арттырды.

Тәуелсіздік жылдары Қазақстан әлемдік саясаттағы стратегиялық маңызды ойыншы және Орталық Азиядағы сөзсіз көшбасшыға айналды. Әлемдегі төртінші ядролық арсеналдан өз еркімізбен бас тартуымыз әлем державалары тарапынан сенім тудырып, еліміздің жаһандық антиядролық

1991 жылы 26 желтоқсанда Қазақстанның Тәуелсіздігін ресми түрде ең алғаш болып мұхиттың арғы жағында жатқан АҚШ мойындады. Екінші болып айдаһардай айбарлы Қытай, одан кейін Ұлыбритания мойындаған болатын. Оның артынан Моңғолия, Франция, Жапония, Оңтүстік Корея және Иран Ислам мемлекеті мойындады. Оның ішінде Иран – Қазақстанның тәуелсіздігін мойындаған алғашқы мұсылман мемлекеті. Ал Түркия алғаш болып Қазақстанда өз елшілігін ашқанмен, жұрт айтып жүргендей, Тәуелсіздігімізді мойындаған алғашқы емес, 17-ші ел болды.

қозғалыс көшбасшыларының біріне айналуына мүмкіндік берді.

2015 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы Қазақстан бастамасымен Ядролық қарудан азат әлем құру туралы жалпыға ортақ декларацияны қабылдады.

Тағы бір ерекше атап өтер жайт, Қазақстан көпвекторлы сыртқы саясат жүргізіп, әлемнің 183 мемлекетімен дипломатиялық қарым-қатынас орнатты. БҰҰ, ОБСЕ, ДСҰ, Ислам ынтымақтастығы Ұйымы, ТМД, ШЫҰ, ЕАЭО, ҰҚШҰ сияқты ірі халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты нығайтып келеді. Халықаралық бастамалардың арқасында аталған ЕАЭО, ҰҚШҰ, ШЫҰ, Түркі кеңесі сияқты ұйымдардың құрылуына маңызды үлес қостық. Тіпті, ТМД елдері ішінде алғаш рет ОБСЕ саммитін және ЭКСПО дүниежүзілік көрмесін ұйымдастырдық.

Бүгінде қазақ елінің мемлекеттік шекарамен айқындалған аумағы, дербес Конституциясы, сыртқы және ішкі саясаты, төл экономикасы, өнері, тілі, діні, салт-дәстүрі бар, бүкіл әлемге танымал тәуелсіз мемлекет екенін қалайша мақтан тұтпасаңыз?! Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ тарих факультетінің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты Гүлнар Қозғамбаева тарих беттерін парақтап, өткен ғасырлардағы бостандыққа ұмтылған ерлікке толы тарихқа шолу жасап көрді.

– 1466 жылы Керей мен Жәнібек

бастаған алғашқы Қазақ хандығы құрылды. Қазақ хандығының құрылуы дербес елдікке ұмтылудың алғашқы көрінісі болды. Ел болып, іргесі қалана бастаған кезден-ақ сыртқы жаулармен үздіксіз соғыстар жүргізуге тура келді. Жоңғар шапқыншылығына қарсы тұрған батырларымыз, отарлау жүйесіне қарсы шыққан ағаларымыз, коммунистік идеологияға қарсы тұрған Алаш-ордашылардан бастап, 1986 жылғы желтоқсан көтерілісіне қатысушылардың ерлігін мәңгі құрметтейміз. Тәуелсіздік тарихындағы 1986 жылғы 16 желтоқсан – ерекше күн, - дейді тарихшы.

Оның айтуынша, Қазақстан Республикасының егемендік алып, әрі қарай тәуелсіз, дербес мемлекет ретінде қалыптасып-дамуы қиын жағдайлармен ұштасты. Көптеген аймақта әлеуметтік-демографиялық және саяси-экономикалық тұрақсыздық белең алды. Әлемдік кеңістікте жаһандық қауіпсіздікті сақтауда ядролық қаруды таратпау мәселесі – Қазақстан Республи-

касы саясатының аса маңызды бағыты болды. – 1991 жылғы 29 тамызда президенттің «Семей полигонын жабу туралы» Жарлығы шықты. Осы бір батыл қадам бүгінде дүниежүзіне мәлім тарихи фактіге және біздің ұлттық мақтанышымыздың мәніне айналды. Өткен 30 жылда елімізде ғасырға бергісіз қыруар шаруалар атқарылды. Семей ядролық полигонының жабылуы Қазақстан тарихынан ғана емес, тұтас адамзаттың тарихынан маңызды орын алды. БҰҰ Бас ассамблеясы Қазақстан президентінің ядролық қарудан бас тарту жөніндегі ұсынысын

мақұлдап, 29 тамызды Халықаралық ядролық қару-жараққа қарсы күрес күні деп жариялады. Сондай-ақ Қазақстан ТМД-да алғашқылардың бірі болып ядролық қаруды таратпау туралы және ядролық сынақтарға тыйым салу туралы шарттарға қосылды. Ал 1994 жылы ядролық қаруды Қазақстан аймағынан мүлде жоюға келісті. Біздің мемлекет осылайша егемендігінің алғашқы жылдарынан-ақ аймақтағы және әлемдегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге аса ықыласты екенін айқын әрі нақты ісімен білдірді. Қазақстан әлемде бірінші болып өз еркімен ядролық қарудан бас тарту арқылы жаһандық қауіпсіздік жүйесін қалыптастыруға, Жер бетіндегі бейбітшілік ісіне теңдесі жоқ үлес қосты, - дейді Гүлнар Қозғамбаева.

1991 жылы 1 желтоқсанда Бүкілхалықтық президент сайлауын өткізу нәтижесінде Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті болып сайланып, қызметін 10 желтоқсанда атқара бастады.

– Сол сәтте Қазақ КСР-ін Қазақстан Республикасы деп атау туралы шешім қабылданды. Ал желтоқсанның 16-сында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заңында ел Тәуелсіздігі жарияланды. Бұл күн қазақ тарихындағы ғасырлар бойы аңсаған арманның орындалған күні болды. Ресей империясының екі

ғасырдай отары болған, 70 жылдан аса уақыт Кеңес Одағының қысымын көрген қазақ елі үшін бұл күн ерекше мерекеге айналды, – дейді тарихшы.

Содан кейін Қазақстан 1991 жылы 21 желтоқсанда ТМД-ға қосылғандығын мәлімдеп, Алматы Декларациясына қол қойды. Мемлекеттің тәуелсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 1992 жылғы қаңтарда еліміздің ішкі істер әскері құрылды. Сол жылы қаңтар айында Қазақстан ЕҚЫҰ-ға мүше болды. Ал 2 наурызында БҰҰ-ның толық құқылы мүшесі атандық. БҰҰ-ның 46-сессиясының шешімімен ұйымның 168-мүше елі болып тіркелдік. Сол кезден бастап дүниежүзі Қазақстанның егемендігін, тәуелсіздігін, дербес мемлекеттілігін таныды.

– 1992 жылғы 4 маусымда Жоғарғы Кеңестің сессиясы Республиканың жаңа мемлекеттік Туы мен Елтаңбасын бекітті. Сол жылы 11 желтоқсанда мемлекеттік Әнұранның мәтіні бекітілді. Тәуелсіз мемлекеттің тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалығымен күллі дүниедегі қазақтардың басын біріктіріп, ата-баба үрдісімен 1992 жылғы қыркүйек айында Алматы қаласында Дүниежүзі қазақтарының тұңғыш құрылтайы өтті. Араға жылдар салып, екінші құрылтай 2002 жылы Түркістан қаласында өтті. Астана қаласында үшінші (2005 ж.), төртінші (2011 ж.) және бесінші құрылтай (2017 ж.) өтті. Дүниежүзі қазақтарының басын біріктіру мақсатында Қазақстанда шақырылған осы 5 құрылтайдың тарихи маңызы ерекше. Бұл басқосу – қазақ халқының жаңа мыңжылдыққа біртұтас ұлт ретінде нық қадам басқанның белгісі болды, – дейді Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ тарих факультетінің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты Гүлнар Қозғамбаева.

Сонымен қатар 1993 жылы 28 қаңтарда Қазақстан Республикасының Тұңғыш Конституциясы қабылданды. Ол Заң өтпелі кезеңнің Ата Заңы ретінде екі жыл айналымда болып, тарихта қалды. Ал 1995 жылы 30 тамызда еліміздің жаңа Конституциясы қабылданды. Бұл негізгі Заңымызда республиканың экономикалық күш-қуаты мен мүмкіндіктері ғылыми тұрғыдан тиянақталып, халықтың әлеуметтік топтарына тиісті мәселелерді шешу ескертілді. Ал 1997 жылы «Қазақстан Республикасының Тілдер туралы» Заңы қабылданды.

Тарихшы Қазақстанның 2010 жылы ЕҚЫҰ-ға тұңғыш төраға болып сайланғанын да еске салып өтті. Сол жылы 1-2 желтоқсанда Астанада ЕҚЫҰ-ның саммиті өткен болатын. Кейін 2011 жылы маусымда Қазақстан Ислам Конференциясы Ұйымына да төрағалық етті.

Бастысы, Қазақстан –ТМД мемлекеттерінің ішінде жаңа экономикалық жүйе құрған, заманауи қоғамдық институттарды нығайтып, демократиялық құқықтық мемлекеттің іргетасын қалаған алғашқы мемлекет. Бүгінде еліміз саяси-экономикалық реформаларды іске асыру, халықтың әл-ауқатын арттыру мәселелері бойынша еркін даму жолына қатар түскен сол ТМД мемлекеттерінің әлі де көш басында келеді.

Еркеғали БОЛАТУЛЫ

ЖАНАШЫР ЖАН

Балкен Төлеубекқызы қосшылықтарға қайырымды әрі қамқор жан ретінде танымал. Ол қалаға қазіргі Абай облысының Аягөз ауданынан қоныс аударған. Қазір 70 жастағы әйел қоғамдағы өз орны мен қызметін адал атқарып келеді.

90-жылдары Балкен Төлеубекқызы психоневрологиялық диспансердің асханасында еңбек етті. Сол жылдары ол мекемедегі ақыл-есі кем балаларға ерекше көңіл бөліп, кейбірін асырап алды. Солардың бірі – еврей ұлтынан шыққан Александр Абдиев. Ресейдің Орынбор қаласында туған Александр туа бітті мылқау болса да Балкен Төлеубекқызының мейірімі мен қамқорлығының арқасында өзіне деген сенімділігін арттырды. Сонымен қатар өскемендік неміс Артем Ротерді де асырап алған. Ол жігіт

1992 жылы дүниеге келген.

Кейін Балкен Төлеубекқызының отбасына 1993 жылы туған Ирина Крапивина да қосылды.

Балкен Төлеубекқызының жеке өмірі де отбасылық дәстүр мен махаббатқа толы. Оның екі ұлы бар. Келіні мен немерелері әжелерін сыйлайды, құрметтейді. Отбасының жылуы мен бірлігі оны қоғамда сыйлы әрі құрметті адамға айналдырды.

Қосшыда өтетін мәдени, қоғамдық және қайырымдылық іс-шараларға бел-

сене қатысатын Балкен Төлеубекқызы қаланың қоғамдық өміріне де өз үлесін қосып келеді. Ол бірқатар марапатқа ие болған, соның ішінде қала әкімінің Алғыс хатын алғаны бар. Бұл – оның адалдығы мен жанашырлығын растайтын нақты дәлел.

Балкен Төлеубекқызының өмір жолы – қоғамға үлгі болатын қайырымдылық пен жанашырлықтың айнасы. Ол өз өмірін тек отбасына ғана емес, қоғамдағы балаларға да арнап, олардың бақытты өмір сүре алуына жағдай жасап келеді.



Қосшы қаласының тұрғындары үшін ол – тек қамқор ана ғана емес, сонымен қатар мейірімділік пен адамгершіліктің

символына айналған жан.

Ғани АТЫМТАЙ



ДЕМОКРАТИЯНЫҢ БОЛАШАҒЫ БҮГІН ҚАЛЫПТАСАДЫ

2025 жылы Қосшы қаласы тек сайлау жүйесінің болашағына ғана емес, азаматтық жауапкершіліктің іргетасына әсер еткен маңызды өзгерістердің ортасында болды. Қалалық аумақтық сайлау комиссиясы білім беру мекемелері және жастар ұйымдарымен бірлесіп, жастар арасында белсенді азаматтық позицияны қалыптастыруға бағытталған бірқатар ірі шараны іске асырды. Бұл кең ауқымды жұмыстың ар жағында не тұр? Мектеп оқушылары мен студенттер демократиялық үдерістерге қатысудың маңызын қалай түсінді? Бұл бастамалар олардың Қазақстанның болашағына деген көзқарасына қалай әсер етті?

Қосшы қалалық аумақтық сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығына орай өткізілген маңызды іс-шаралар аясында жастармен жұмысты жандандырып қана қоймай, құқықтық мәдениет пен азаматтық жауапкершілікті қалыптастыруға арналған платформа құрды. Кешенді жоспар аясында тренингтер, танымдық ойындар, квесттер, дәрістер, байқаулар, мастер-кларстар сияқты әртүрлі форматтағы іс-шаралар іске асырылды. Бұл жұмыстар сайлау және азаматтық құқықтар туралы негізгі білімді жеткізіп, әртүрлі жас топтарында демократиялық үдерістерге саналы көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Жеке көңіл жастарға – елдің болашақ сайлаушыларына бөлінді. Олар елдің демократиялық дамуына елеулі үлес қоса алады. Жыл бойы қалалық сайлау комиссиясы жастардың сайлау, сайлау жүйесі және азаматтық құқықтар туралы түсінігін кеңейтуге бағытталған көптеген шара ұйымдастырды. Соның жарқын мысалы – «Бірге өмір сүру – бірге таңдау жасау!» атты интеллектуалды ойын. Бұл шара барысында оқушылар сайлау туралы білімдерін тереңдетіп қана қоймай, демократиялық үдеріс-

терге қатысу – тек құқық емес, елінің болашағы алдындағы жауапкершілік екенін түсінді.

Республикалық деңгейде де 2025 жылы жастар арасында электоралдық мәдениетті арттыруға бағытталған білім беру және ағартушылық бастамалар сериясы аяқталды. Оқу-ағарту министрлігі мен Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы бірлесіп іске асырған «Жастар және сайлау» республикалық бағдарламасы кең аудиторияны қамтыды. Бағдарлама аясында дәрістер, семинарлар, тренингтер, сондай-ақ дебаттар мен конкурстар ұйымдастырылып, сайлаудың құқықтық аспектілерін терең түсінуге мүмкіндік берді.


2025 жылы «Баршаға арналған сайлау» интерактивті білім беру платформасының жұмысы жалғасты. Платформада бейнесабақтар, тесттер, дәрістер және басқа да оқу материалдары орналастырылды. Бұл әсіресе жастарға сайлауға дайындалуға және сайлау жүйесінің жұмыс принциптерін түсінуге мүмкіндік берді. Білім беру ұйымдарымен және жастар ұйымдарымен белсенді ынтымақтастық бұл ресурсты көпшілікке қолжетімді әрі ыңғайлы етті.

Жастардың азаматтық белсенділігін арттырудағы маңызды қадамдардың бірі – сайлау процесін цифрландыру. Орталық сайлау комиссиясы цифрлық технологияларды енгізуді жалғастырып, жаңа мобильді қосымшалар мен онлайн-платформаларды ұсынды. Бұл ақпаратқа қолжетімділікті жақсартып, жастардың цифрлық сауаттылығын арттырды. Сандық сауаттылық бағдарламасы аясында онлайн-курстар мен тренингтер ұйымдастырылып, мыңдаған жас азаматтар қатысып, сайлауға тиімді дайындалуға және дауыс беру рәсімінің құқықтық негіздерін түсінуге мүмкіндік алды.

Сонымен қатар «Ел болашағы – жас сайлаушылардың қолында» республикалық бағдарламасы аясында жастардың сайлауға қатысуы және оның ел болашағына әсері сияқты маңызды мәселелер талқыланған дөңгелек үстелдер мен пікірталастар өткізілді. Бұл шаралар ұсыныстар әзірлеу, мемлекеттік саясатты қалыптастыруға жастарды тарту және пікір алмасу үшін маңызды алаңға айналды.

«Менің таңдауым – менің жауапкершілігім» атты эссе челленджі де маңызды шаралардың бірі болды.

«Мен – болашақ сайлаушымын» атты



интеллектуалды ойын да жастардың құқықтық сауаттылығын арттыруда маңызды рөл атқарды. Жастар сайлау тарихы, құқықтық негіздер, азаматтық жауапкершілік бойынша білімдерін паш етіп, командалық жұмысқа қабілеттілігін көрсетті.

Аталған бастамалардың барлығы жастардың құқығы мен міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыруға, азаматтық жауапкершілікті және белсенді позицияны дамытуға ықпал етті. Нәтижесінде Қосшы қаласы және жалпы Қазақстан демократиялық негіздерді нығайтып, ел дамуына оң серпін берді. 2025 жылы іске асқан бағдарламалар болашақта елімізде сайлау үдерісіне жауапкершілікпен қарайтын саналы азаматтардың қалыптасуына негіз қалады.

2025 жыл – демократияны нығайтуда, құқықтық мәдениет пен азаматтық сананы арттыруда маңызды кезең болды. Шараға қатысқан жастар өз пікірлерін білдіріп, сайлауда өз дауысының маңы-

зын терең түсінгенін атап өтті.

«Мен сайлау туралы білімімнің оның маңыздылығын қабылдауыма осылай әсер ететінін білмеппін», – дейді интеллектуалды ойынға қатысқан оқушы.

Сонымен қатар көптеген оқушы демократияның қоғам өміріндегі рөлін ерекше атап өтті.

«Мен енді сайлаудың бүкіл халықтың болашағына әсер ететін маңызды үдеріс екенін түсіндім. Менің таңдауым саналы болуы керек», – дейді тағы бір оқушы.

Мұндай пікірлер ұстаздар мен ұйымдастырушылар тарапынан жылы қабылданып, жастардың елдің саяси өміріне қатысуға деген сана деңгейінің артқанын көрсетеді.

Қорыта айтқанда, Қосшы қаласы жастардың құқықтық мәдениетін және азаматтық жауапкершілігін арттыру арқылы ел болашағын қалыптастыруға үлгі бола алды.

Жанар АХМЕТОВА

ПАРЛАМЕНТТІК РЕФОРМА

ПРЕЗИДЕНТТІККЕ КАНДИДАТТАР ҰСЫНУ ТӘРТІБІН ҚАЙТА ҚАРАУДЫ ТАЛАП ЕТЕДІ

Қазақстандағы парламенттік реформа еліміз үшін тарихи өзгерістердің іргетасы бола алады, не болмаса демократиялық үдерісті ұзақ жылдарға тежеп тастауы да мүмкін. Бұл реформа әлеуметтік құндылықтардың басымдықтарын өзгертіп, оларды адам құқықтары мен бостандықтарының өзегіне айналдыра алады немесе оларды тек қағаз жүзінде ғана жариялап қоюы ықтимал.



Жасыратыны жоқ, Парламент реформасы ҚР Конституциясының өзгеруіне ғана емес, белгілі бір деңгейде президент институтына да әсер етеді. Сенаттың таратылуының өзі президенттік биліктің сабақтастығы механизмінің өзгеретініне меңзейді.

Қолданыстағы Конституцияның 48-бабы 1-тармағына сәйкес: «Қазақстан Республикасы Президенті қызметінен мерзімінен бұрын босатылған, қызметінен кетірілген немесе қайтыс болған жағдайда оның өкілеттігі қалған мерзімге Парламент Сенатының төрағасына көшеді...».

Саясаттанушы Петр Своиктің пікірінше, бұл норма парламенттік реформаны және Сенатты тарату қажеттігін туындатқан себептердің бірі болды. Оның айтуынша, аталған механизм 2019 жылы іс жүзінде қолданылып көрді. Алайда президенттің қызметтен мерзімінен бұрын кетуі жағдайында мұндай ротация президенттік биліктің тұрақсыздығын және қоғам тарапынан күмән тудырды. Сол жылдың өзінде мерзімінен бұрын президент сайлауы

өткізілді, бірақ заң бойынша Сенаттың сол кездегі төрағасы президент өкілеттігін мерзім соңына дейін сайлаусыз атқара алатын еді.

Осыған сүйене отырып, Петр Своик бұл билікті беру механизмін қайта қолдану қоғам тарапынан сөзсіз қолдау таппайтынын болжап, мұның Сенатты таратуға себеп болғанын айтады.

Әрине, мұндай тұжырым белгілі дәрежеде болжам болуы мүмкін, бірақ оны толықтай жоққа шығару да қиынсыз. Алайда Своик көтерген тағы бір маңызды мәселе – Қазақстан Республикасы Президенттігіне кандидаттарды ұсыну тәртібі – назар аударуға тұрарлық.

Шын мәнінде, Конституцияда президенттікке кандидат ұсыну тәртібі көрсетілмеген. Тек 41-бапта кандидатқа қойылатын талаптар жазылған, бірақ оны кім және қалай ұсынатыны туралы норма жоқ.

Бұл тәртіп «Сайлау туралы» Конституциялық заңның 55-бабында көрсетілген. Ол президенттікке кандидат ұсынуға құқығы бар субъектілерді анықтайды. Мұндай құқық респу-

бликалық қоғамдық бірлестіктерге берілген. Олар «Қоғамдық бірлестіктер туралы» және «Саяси партиялар туралы» заңдар негізінде әртүрлі мақсатта құрылады: саяси партиялар, кәсіподақтар, қайырымдылық ұйымдары, шығармашылық одақтар және басқалары. Яғни олардың ұйымдық-құқықтық формалары да әртүрлі – қоғамдық ұйымдар, қоғамдық қорлар, қоғамдық қозғалыстар және т.б. Мұндай кең ауқымдағы субъектілердің кандидат ұсыну мүмкіндігі президент сайлауының баламалылығын қамтамасыз ету үшін енгізілген.

Бұл механизм елде іс жүзінде ауыспайтын Тұңғыш Президент билігі кезінде орынды болды. Сол кезеңде билікті заңдастыру үшін әр бес-жеті жыл сайын балама кандидаттар қажет еді. Бірақ олардың шынайы жеңіс мүмкіндігі болмады.

2022 жылғы конституциялық реформа президентке қатысты бірқатар өзгерістер енгізгенімен, кандидат ұсыну тәртібі сол күйі қалды: президент бір мерзімге ғана сайланады, өкілеттік мерзімі өзгерді, бірақ кандидаттарды ұсыну процесі жаңартылған жоқ.

Сонымен қатар, соңғы жылдары билік құрамында өзгерістер орын алу да, басқарушы корпус жаңарды. Болашақта олардың ішінен де президенттікке үміткерлер шығауы мүмкін. Алайда олардың арасында кәсіби тәжірибені төменгі буыннан бастап толық өткен, терең саяси және басқарушылық білімі бар мамандарды табу қиын. Көпшілігі үшін «жалпыны білу – жекені білуден босатады» деген басқару стилі тән. Бұған қоса, қазақ қоғамындағы трибаллизм дәстүрінің де ықпалы бар.

Осы себептерге байланысты жаңа мүмкін кандидаттар бұрынғы буын секілді өмірлік және кәсіби мектептен өтпеген. Ал соңғы отыз жылда елімізде партиялық жүйе де қалыптасты деп айту қиын. Демек, Қазақстанда кең қоғамдық қолдауы мен мол саяси тәжірибесі бар кәсіби саясаткерлер жоқтың қасы.

Саяси мемлекеттік қызметшілерді кәсіби саясаткерлер қатарына жатқызу орынды емес. Бұл ретте академик

Г.С. Сапарғалиевтің 2002 жылы айтқан пікірі әлі де өзекті:

Біріншіден, барлық саяси мемлекеттік қызметкерлер саясатты айқындауға қатыспайды және оның нәтижесі үшін жауап бермейді.

Екіншіден, әкімшілік қызметкерлердің кәсіби деңгейі жиі жоғары, ал саяси қызметкерлер екі-үш жылдан артық бір орында отырмайды. Мұндай қысқа мерзім оларға «жылдам жеңістер» қажет етеді – мансаптық өсім үшін немесе жеке секторға кету үшін. Ал әкімшілік қызметкерлер керісінше, ұзақмерзімді нәтижелерге, кәсібилікті арттыруға мүдделі.

Мемлекеттік қызметтен шыққан тұлғалардың көпшілігі жақсы орындаушылар болғанымен, бастамашылдық, қоғаммен коммуникация дағдылары жетіспей жатады. Әрине, бұл абсолютті қағида емес.

Бүгінде мұндай проблема тек Қазақстанда емес, әлемнің көптеген елдерінде байқалады. М. Хазин мен С. Щеглов атап өткендей: «мұндай кезеңдерде билікке түрлі, көбіне дайын емес адамдар келуі мүмкін».

Сондықтан белгілі бір топтың кездейсоқ қолшоқпары билікке өтіп кетпеуі үшін президенттікке кандидат ұсыну тәртібі өзгертілуі керек деп есептейміз.

Бұл мәселеге біз бұған дейін де назар аудартқанбыз. Ал енді парламенттік реформаның қарсаңында бұл ғылыми талқылауды қажет ететін тақырыпқа айналды.

Қазіргі кандидат ұсыну жүйесінің кемшілігі неде?

Қоғамдық ұйымдардың кандидат ұсынуы сырттай демократиялық көрінісімен, бұл барлық үміткердің тіркелетінін білдірмейді. Тіркеуге жіберу-жібермеуге ОСК-ның әсері өте үлкен.

Бұл екі мүмкіндік береді: үміткерлер пулын толық бақылауда ұстау; билік қолдаған кандидатқа шынайы бәсекелес бола алмайтын құрам қалыптастыру.

ОСК кандидаттарды кәсіби деңгейіне қарай іріктейді деу де қате. Себебі президенттікке қойылған талаптарда

кәсібилік өлшемдері жоқ. Жоғары білім, мемлекеттік қызметтегі бес жылдық тәжірибе, мемлекеттік тілді білу – бұлардың ешқайсысы кәсіби немесе тұлғалық қабілетті сипаттамайды.

Сонымен бірге, ОСК-ның қалыптасу механизмі оның тәуелсіздігіне күмән туғызады.

Осыған байланысты кандидаттарды ұсыну құқығы жаңа парламент депутаттарына берілуі тиіс деп есептейміз. Олар кандидаттарды өз арасынан да, қоғамға танымал беделді саясаткерлер мен қайраткерлер арасынан да ұсына алады.

Кандидаттар Конституциядағы талаптарға сәйкес болуы тиіс. Парламент кем дегенде екі немесе одан да көп кандидат ұсынуы қажет. Бұл бірнеше оң өзгеріске алып келеді: депутаттық корпустың сапасы артады; партиялар мен депутаттар сайлауалды бағдарламаларды мұқият дайындай бастайды; президенттікке үміткерлердің деңгейі жоғарылайды; сайлауда жасанды бәсекелестік және «спойлер» технологиялары жойылады.

Кандидаттар ұсынылғаннан кейін ОСК-да тіркеуден өтіп, науқанға қатысады. Ал президентті халық дауыс беру арқылы таңдайды.

Депутаттардың әлсіз қарсыластарды әдейі ұсыну ықтималдығын болдырмау үшін Конституцияда тағы бір норма болуы тиіс: егер сайлауда бірде-бір кандидат қажетті дауыс ала алмаса, Парламент өзін-өзі таратады.

Бұл депутаттардың жауапкершілігін арттырады, ал сайланған президент қосарланған легитимдікке ие болады — Парламенттің және халықтың қолдауымен.

Әрине, бұл механизм тек саяси партияларды тіркеу тәртібі, сондай-ақ ОСК мен басқа сайлау органдарын қалыптастыру тәртіптері өзгерген жағдайда ғана тиімді болады.

Эдуард МҰХАМЕДЖАНОВ,
заң ғылымдарының докторы,
профессор

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ҒЫЛЫМЫ

Ғылым – кез келген мемлекеттің стратегиялық маңызды қызмет саласы, елдің экономикалық өсімін қамтамасыз ететін басты ресурстардың бірі. Сондықтан әлемнің көптеген елінде ғылымды дамытуға, оның тиімділігін арттыруға айрықша көңіл бөлінеді.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Қазақстандағы ғылым саласы барлық посткеңестік республикалардағы сияқты қиын кезеңдерді бастан өткерді. Кеңес дәуірінде қалыптасқан қуатты ғылыми әлеует (әртүрлі бағыттар бойынша ірі ғылыми мектептер, маңызды ғылыми нәтижелер, жаңалықтар) 90-жылдардан бастап біртіндеп әлсіреп, бірқатар күрделі мәселелерге тап болды. Ғылыми-зерттеу жұмыстарына қаржыландырудың азаюы немесе мүлде тоқтауы, ғылыми нәтижелер мен ғалым еңбегінің сұраныссыз қалуы, ғылыми институттардың жабылуы, қалғандарының материалдық-техникалық жағдайының төмендеуі ғылымның нәтижелілігін күрт төмендетті. Ең бастысы – кадрлардың жаппай қысқаруы орын алды. 1991-2000 жылдары еліміздегі ғылыми қызметкерлер саны 27,6 мыңнан 14,8 мың адамға дейін азайған.

Осы дағдарысты кезеңде мемлекет тәуелсіз елдің жаңа ғылыми құрылымдары мен ұлттық нормативтік базасын қалыптастыруға алғашқы қадамдар жасады. 1992 жылы «Қазақстан Республикасындағы ғылым және мемлекеттік ғылыми-техникалық саясат туралы» Заң қабылданып, ғылымды дамытудың негізгі қағидаттары айқындалды. 2000-жылдары ғылым саласын одан әрі реформалау үшін «Ғылым туралы» Заң және «Қазақстан Республикасының 2007-2012 жылдарға арналған ғылымды дамыту мемлекеттік бағдарламасы» қабылданды.

2011 жылы қабылданған жаңа «Ғылым туралы» Заңда халықаралық тәжірибе ескеріліп, ғылымды басқарудың жаңа моделі ұсынылды. Бұл модель ғылымды қаржыландырудың жаңа түрлерін, ғылыми жобаларды көпдеңгейлі сараптау негізінде конкурстық тәртіппен іріктеуді, шетелдік сарапшыларды тартуды, ғылым мен білімнің интеграциясын, университеттік ғылымды күшейтуді және ғылымның экономикамен байланысын кеңейтуді қамтыды.

2015 жылы қабылданған «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы» Заң ғылыми нәтижелерді өндіріске енгізудің жаңа тетіктерін қалыптастыруға бағытталды.

Мемлекеттік қолдаудың маңызды бағыттары – ғылымды қаржыландыруды арттыру, базалық, гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру түрлерін енгізу, халықаралық ынтымақтастықты күшейту, зерттеу университеттерін ашу, кадр даярлау жүйесін жетілдіру болды. PhD докторантурасына берілетін гранттар саны жылына 2 мыңнан асты, шетелдік тағылымдамалар кеңейді, «Болашақ» бағдарламасы арқылы ғылыми кадрларды даярлау жалғасты. Жас ғалымдарға баспана беру, докторанттардың стипендиясын 80%-ға арттыру, әл-Фараби атындағы Мемлекеттік сыйлық және түрлі салалар бойынша бірқатар ғылыми сыйақылар тағайындау сияқты әлеуметтік қолдау шаралары жүзеге асырылды.

2020 жылы ғылыми-зерттеу институттарын техникалық жаңғырту жүргізілді. 2,8 млрд теңге көлеміндегі қаражатқа 23 институтқа зертханалық құрал-жабдықтар алынған. 2021 жылы бұл мақсаттарға 3,8 млрд теңгеден астам қаржы бөлінді. Сонымен қатар гранттық қаржыландыру конкурстарының саны артты: бұрын үш жылда бір рет өткізілсе, 2020 жылы бір жыл ішінде бес конкурс өткізілді. Алғаш рет коллаборациялық гранттар, қысқа мерзімді гранттар, жеке гранттар, жас ғалымдарға арналған гранттар енгізілді.

Қазіргі уақытта жаңа міндеттерді шешу үшін ғылымды дамытуға бағытталған ұлттық жоба және «Ғылым туралы» Заңға өзгерістер пакеті әзірленуде. Онда іргелі зерттеулермен айналысатын институттардың ғалымдарын базалық қаржыландыру тізіміне енгізу, ғылыми ұйымдарда корпоративтік

басқару енгізу, басшыларды ашық конкурс арқылы тағайындау, ғалымдардың жеке жетістіктеріне қарай еңбекақыға үстемеақы енгізу сияқты ұсыныстар бар.

Президент Қ.К. Тоқаев ғылымды қаржыландыруды айтарлықтай арттыруды тапсырды. 2020–2022 жылдары ғылымға бөлінетін қаражат екі есе өсіп, 2025 жылға қарай ЖІӨ-нің 1%-ына дейін жеткізу жоспарлануда (қазіргісі – 0,12%). 2020 жылғы 1 қыр-



күйектегі Жолдауында Мемлекет басшысы ғылымды дамыту бойынша бірқатар тапсырмалар берді:

- жыл сайын әлемнің жетекші ғылыми орталықтарында 500 ғалымның тағылымдамадан өтуін қамтамасыз ету;
- «Жас ғалым» жобасы бойынша жас зерттеушілерге 1000 грант бөлу;
- ірі кәсіпорындардың ғылымды қаржыландыруға қатысуын қамтамасыз ету, капиталдық салымдардың 1%-ын ғылым мен технологияларды дамытуға бағыттау;
- ұлттық деңгейдегі қолданбалы мәселелерді шешуге бағытталған ғылыми-технологиялық дамудың жеке бағдарламалық құжатын әзірлеу.

Тәуелсіздік жылдарында ғылымды мемлекеттік қолдау жүйелі және мақсатты түрде жүзеге асырылып келеді. Соның нәтижесінде соңғы жылдары оң көрсеткіштер байқалуда. Мысалы, еліміздегі ғылыми қызметкерлер саны 2009 жылғы 15,8 мыңнан қазіргі 21,8 мың адамға дейін өсті. Ғылымға келетін жастар саны да артты – жас ғалымдар барлық зерттеушілердің 37,5%-ын құрайды (2010 жылы – 24%).

Соңғы он жылда қазақстандық ғалымдардың халықаралық ақпараттық деректер базаларына кеңінен қол жеткізуі жарияланымдар санының артуына ықпал етті. 2015-2019 жылдары Қазақстанның ғылыми жарияланымдары 14 852-ге жетіп, әлемдік рейтингте 214 елдің ішінде 75-орынға көтерілді (2011 жылы – 101-орын).

Қазақстан ғылымының әлеуетін көрсеткен ең маңызды жетістіктердің бірі – коронавирус пандемиясы кезіндегі отандық ғалымдардың табысы. Биологиялық қауіпсіздік проблемалары ғылыми-зерттеу институтының ғалымдары COVID-19-ға қарсы отандық вакцинаны жасап, Қазақстан әлемде өз вакцинасы бар 5 елдің қатарына кірді. Бұл – еліміздің ғылыми әлеуетінің жоғары деңгейін дәлелдейтін үлкен жетістік.

Жанат ОРДАЛИЕВА,
ҚР Президенті жанындағы
КИСИ-дің бас сарапшысы

Соңғы жылдары көптеген ел, оның ішінде Қазақстан ғылыми және зерттеу инфрақұрылымын жетілдіру бағытында белсенді жұмыс жүргізіп, ғылыми зерттеулер мен әзірлемелердің (ҒЗТҚЖ) сапасын арттыруға айтарлықтай көңіл бөліп отыр. Дегенмен қол жеткізілген жетістіктерге қарамастан, саланың жаһандық және жергілікті көрсеткіштері бірқатар қиындыққа тап болды және оларды шешу үшін елеулі қолдау қажет.

САЛАНЫ ДАМУТUDЫҢ ПРОБЛЕМАЛАРЫ МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Қазақстанда ғылыми зерттеулер мен әзірлемелер саласындағы қызмет көлемі 2023 жылы рекордтық 200 миллиард теңгеге жетті, бұл – 2022 жылмен салыстырғанда 50% артық. ҒЗТҚЖ-ға жұмсалған шығындар да соңғы бірнеше жылдағы ең жоғары көрсеткішті көрсетіп, 172,6 миллиард теңгені қамтыды. Бұл – өткен

(бұрын – 17 АЕК);

Ассоциирленген профессор, ғылым докторы – 42 АЕК (бұрын – 34 АЕК);

Профессор – 50 АЕК (бұрын – 17 АЕК).

Ұлттық ғылым академиясының (ҰҒА) институционалдық рөлі күшейтіліп, Президент жанынан Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңес құрылды. 250 ғылыми ұйым халықаралық ғылыми дерекқорға (Web of Science, Scopus, Science Direct) қол жеткізді.

2024 жылы 1971 ғылыми жоба, 162 ғылыми-техникалық бағдарлама және 137 коммерциализация жобасы іске асырылған. Жастар 727 ғылыми жобаны қорғады. Бұл ретте елде қолданбалы зерттеулерге, сондай-ақ халықаралық ғылыми орталықтармен әріптестікке басымдық беріліп отыр.

2023-2029 жылдарға арналған Жоғары білім мен ғылымды дамыту тұжырымдамасына өзгерістер енгізіліп, білім сапасын арттыру және ғылыми нәтижелердің тиімділігін көтеру мақсат етілді.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, шетелдік университеттердің филиалдарын ашу жұмыстары белсенді жүргізіліп отыр. Бүгінде 19 стратегиялық әріптестіктің 15-і іске асырылып, шетелдік вуздардың филиалдары ашылды, тағы 8-і дайындалып жатыр.

QS және THE рейтингтеріне 20-дан аса қазақстандық университет енді. Назарбаев университеті алғаш рет жетекші әлемдік рейтингтердің қатарына кірді.

Coursera, Huawei, Binance Kazakhstan, Amazon, Google және NVIDIA компанияларымен әріптестік орнатылып, университеттерде жаңа IT-курстар енгізіліп отыр. 2024 жылы 12 мың студент Generative AI бойынша Google курстарынан өтті.

ҰҒА президенті Ақылбек Күрішбаев ғылымдағы негізгі түйткілдер ретінде қаржыландырудың жеткіліксіздігін, кадр тапшылығын және технологиялардың денсаулық сақтау саласындағы қолданылуының төмендігін атады. Министр Саясат Нұрбектің айтуынша, ғылым бюджеті 2023-2025 жылдары алдыңғы кезеңмен салыстырғанда 3,3 есе артқан. 2024-2026 жылдар аралығында 730 млрд теңге бөлінеді.

2023 жылы ҒЗТҚЖ шығындарының 50%-дан астамы еңбекақы төлеуге жұмсалды: 87,2 млрд теңге. Құрал-жабдық сатып алуға бар болғаны 5,7% қаражат бөлінген.

Алдағы үш жылда жобалар тек мемлекеттік қаржы есебінен іске асырылады. Жеке сектордың үлесі төмен – 2022 жылы 25%, 2023 жылы 30% болуы жоспарланған.

2024 жылдан недропайдаланушылар табысының 1%-ын ҒЗТҚЖ-ға бағыттап бастады. Бұл ғылымды қаржыландыруды жыл сайын 25% арттыруға мүмкіндік береді. Жеке қаржыландыру үлесі 2027 жылға қарай 58%-ға жетуі мүмкін.

Коммерциализацияға арналған гранттық қаржыландыру көлемі 2023-2025 жылдары 62,1 млрд теңгені қамтыды. Енді 2029 жылға дейін 7 инженерлік орталық пен технопарк ашу жоспарланған.

«Жас ғалым» ұлттық жобасы аясында 2023-2025 жылдарға 86 млрд теңге бөлінді. Министрлік постдокторанттарға арналған 1000 грант жариялады. Грант иегерлері 3 жыл бойы айына шамамен 500 мың теңге көлемінде жалақы алады.

Қосшыдағы су инфрақұрылымы жаңа деңгейге көтерілді

Қосшы қаласының қарқынды дамуы мен демографиялық өсімі инженерлік инфрақұрылымға, әсіресе ауызсу жүйесін тұрақты әрі сапалы қамтамасыз етуге жаңа талаптар қойды. Осы қажеттілікті жүйелі шешу мақсатында 2022 жылғы 3 маусымда Қосшы қаласы әкімдігінің қаулысымен мемлекеттік-коммуналдық «Қосшы су» кәсіпорны құрылды. Биыл оның құрылғанына 3,5 жыл толып отыр.

«Қосшы су» кәсіпорнының басты миссиясы – қаланы үздіксіз және сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету. Кәсіпорын суды жинау, тазарту, тарату және ағынды суларды өңдеу сияқты маңызды үдерістерді іске асырады. Сонымен қатар экологиялық талаптарды сақтау және тазарту сапасын қамтамасыз ету де кәсіпорынның басты бағыттарының бірі саналады.

Бүгінде кәсіпорында 163 қызметкер жұмыс істейді. Өндірістік және әкімшілік құрамның кәсібилігі қаланың су және жылу

инфрақұрылымын тұрақты қолдаудың кепілі болып отыр. «Қосшы су» тек ауыз су жүйесін ғана емес, қалалық әлеуметтік нысандар – тұрғын үй кешендері мен емханалардың жылу қазандықтарын да өз қарауына алды. 34 маман тәулік бойы техникалық дайындық деңгейін қамтамасыз етіп, қыстағы үздіксіз жылу беруді қамтамасыз етеді.

Кәсіпорынның техникалық базасы да тұрақты жұмысты қолдауда маңызды рөл атқарады. Қазір 13 автокөлік пен арнаулы

техника апаттық жағдайларды жедел шешуге, құбырларды тазартуға, су тасымалдауға және кәріз жүйелерін реттеуге мүмкіндік береді.

Құрылғылар мен желілерді жаңарту, жаңа аудандарды сумен қамту, су сапасын бақылауды күшейту – кәсіпорынның 3,5 жылдағы негізгі жетістіктері. Алдағы уақытта «Қосшы су» инфрақұрылымды жетілдіру, жаңа технологияларды енгізу және тұрғындарға қызмет сапасын арттыру жұмыстарын тұрақты жалғастыра бермек.



КУДІК

Айдын үйге қатты ашуланып кірді. «Қап, бәлем, сол Айдосты ма! Бір күні сазайын тарттырайын мен оның. Әлі кішкентай ғой деп аяп жүрсем... Әйгерімнің көзінше ұятқа қалдырғаны-ай...» деп, қабырғаға ілінген әйдік айнаның алдында тұрған орындыққа отыра кетті.

Әйгерім – осы ауылдағы ең сүйкімді, әдемі қыз. Айдын 3-«А» сыныбында, ал Әйгерім 3-«Б» сыныбында оқиды. Осы қызды алыстан көре қалса болды, Айдынның кішкентай жүрегі дүрс-дүрс соғатынды шығарды. Онымен жөнді тілдесе алмай, сөйлесе қалған жағдайда қызарақтап, төмен қарай беретін болды. Мана өзінен үш жас кіші Айдос үйінің төбесіне шығып алып, Айдынды көре сала: «Айдын, қонжық! Қонжық келе жатыр...» деп айғайлап қоя берген. Тап сол мезетте, қырсық шалғанда, таяқ тастам жерден Әйгерімнің де шыға келгені... Үйіне екі шелекпен су әкеле жатыр екен. Ол Айдостың «қонжық, Айдын, қонжық!» деген айғайын естімеді ғой дейсің бе? Әрине, естіді. «Енді оның мен туралы не ойлайтыны белгілі болды. Тілазар Айдостың да шығармайтыны жоқ. Өзі тілазар десе, тілазар неме. Өткенде Әдешті мазақтаймын деп итке талана жаздап еді. Мен де Әдеш құсап Құтжолымды айтақтасам қайтеді?! Міне, табылған ақыл!» деп бір ойлаған Айдын, кенет: «Жә, – деді. – Соны қойшы, ол ертең-ақ сазайын тартады. Бәрінен де Әйгерімді айтсаңшы! Мүмкін ол өзінің құрбыларының бәріне болған оқиғаны айтқан шығар?! Бәрі мазақ қылатын болды-ау... Енді Әйгерім менімен сөйлеспек түгілі, сәлемдеспеуі де мүмкін... Жо-жоқ! Мұным қате, ол ондай ақылсыз қыз емес! Меніңше, ол сол тілазар Айдосқа мені жақтаймын деп ұрысып



тастауы да мүмкін ғой?.. Әлде... мені көре қалса, жанындағы қыздармен бірге: «Айдын, қонжық! Айдын, қонжық!» деп шуласар ма екен?..» Айдын осындай екіұдай пікірде еді. Қайсысына тоқталарын білмей дал болды. Бота көзді, пісте мұрынды Әйгерімнің томпақ бетінің ұшы ылғи да қызарып тұратын. Сол сүйкімді көрініс Айдынның көз алдына келіп тұрып алды. «Қой, мұным жарамас, не де болса бір-ақ көрейін» деп ойлап, тысқа шықты. «Мәссаған, безгелдек! Жаңа айттым ғой, ойлағаным айна-қатесіз келді. Енді біттім, құрыдым... Қазір мені бәрі мазақ қылады, қара да тұр! Мен жақты нұсқап: «Қонжық шықты! Айдын, қонжық» деп бас салады. Өзім дәл ойлағандай Әйгерімнің үйінің маңайына бір топ бала жиналып қалыпты. Өне, өне, Әйгерімнің өзі де көрінді. Балаларға қолын сермеп, бірдеңе айтқан болады. Өне, өне, біздің үй жақты нұсқап сөйлеп жатыр» деп шыр-пыры шықты Айдынның. Үйден шығуын шыққанымен, жаңағы көріністерден кейін басын төмен сал-

быратқан бойы кері бұрылған. Кенет, ту сыртынан: – Айдын, әй, Айдын! – деген өзіне таныс дауыс естілді. «Иә, иә, таныс дауыс. Өзімнің досым Орал ғой мынау. Бірақ ол аналардың арасында неғып жүр?! Сонда ол маған өтірік дос болған екен ғой. Бәрі бірігіп мені мазақтамақ қой ойлары. Бәрі түсінікті болды... Қазір мен сендерге мазақ қылғанды көрсетейін» деп Құтжолға қарай беттеді. Ол иесінің босатуға келе жатқанына қуанғандай бір-екі рет арс-арс етіп үріп қойды. – Әй, Айдын, сен не істейін деп жатырсың?! – деді иттен қорқатын Орал. Екі көзін итке қадап, жалтақ-жалтақ қарап қояды. – Жүр, кеттік! Тез бол, балалар күтіп қалды. Кеше өзің емес пе едің «жидек теруге барайық» деген... – А-а, иә, иә, кешір, Орал, мен ұмытып кетіппін... Иә, иә, кешір, – деген сөзін екі қайталап айтқанын өзі де сезбей қалды. – Мен итті босатайын деген жоқпын, қайта сен келе жатқан соң, мықтап байлаулы ма екен деп тексеріп жатқаным. Оның кейде өзінен

өзі босап кететін әдеті, – деді Айдын сездіргісі келмей. – Ал, ендеше, кеттік, неге тұрсың, жылдам! – деді Орал тағатсыздана. – Мен қазір, тобатайымды алып шығайын, сен бара бер. Мен қазір, тез, – деп Айдын үйіне кіріп кетті. Қанша барғысы келмегенімен, мұның бойын еріксіз бір күш билеп, толқып кетті. Жүрегі құрығыр тағы да лүпілдеп соға бастады... Лезде тобатайын алып шыққан ол «тілазар Айдос» (ауылдағылардың бәрі де солай атайды) үйінің жағына ұрлана көз тастады. Абырой болғанда, ол әзірше көрінбейді. Сондықтан да іштей «Айдос шығып қалмай тұрғанда балаларға тез барып қосылайын» деп жүгіре жөнелді. Айдын Әйгерімнің нәзік даусымен «Сәлем, Айдын!» деп амандасқанын әрі түк болмағандай шүйіркелесе кеткенін көргенде, өзінен-өзі қысылып, жайсыз күй кешті. Әрі таңғалды. Манағы өз ойының бәрі бекер болғанына енді көзі жеткендей еді... Сол-ақ екен, тал арасынан «Қонжық, Айдын, қонжық!» деген дауыстар жамырай шықты. Алайда, Айдыннан басқасы бұларға онша мән бермейтін тәрізді. Құдды естімеген адамдарша өздерімен өздері... «Ау, бәрінің естімеген адамша бұлай үндемеулерінің себебін қалай түсінуге болады?! Мені жақтап бірауыз сөз айтса, бірдеңелері кете ме екен бұлардың?! Жә, басқасын айтпағанда, өзімнің досым санап жүрген Орал, өзіме жақын тұтып жүрген Әйгерім ше?! Олар неге үн-түнсіз қалды екен?!» деп шамданды Айдын ішінен. Өне, «қонжық, қонжық!» деген дауыстар енді тіптен жақын естіліп, екі бала тал арасынан шыға келді. Біреуі сол «тілазар» Айдос. Ал екіншісі кім?! Даусы неткен ащы еді, шіркіннің... Е-е-е, түсінікті, Айдостың қабырғалас көршісі Қайпен екен. Оған да үйретіп қойғаны-ау, пәтшағардың!

«Таяқ жейсіңдер!» дегендей, жұдырығын түйіп, екі бала тұрған жаққа қолын көтере бергені сол еді... – Айдын, сен оларға ренжіме, қайта естімеген болып жүр бер. Олар әлі кішкентай ғой. Сен бүйтіп қыр көрсете берсең, олар саған ерегеседі. Әсіресе, «тілазар» Айдосты өзін жақсы білесің ғой. Олар есейген соң, ертең-ақ бәрін түсінеді, – деді Әйгерім нақ үлкен адамдарша сөйлеп. Әрі Айдынға қарап жымиып қойды. Айдынның жүрегі тағы да шым ете қалды... «Мұны айтып тұрған Әйгерім бе?! Мәссаған! Мен одан мұндай сөздерді күтпеп едім. Бірақ оның айтқандарының бәрі дұрыс секілді. «Олар әлі кішкентай ғой» дейді. Иә, иә, олардың кішкентай екендері рас. Менен бақандай үш жас кіші. Мен тоғыз жаста болсам, олар небәрі 6 жаста. Мен өзімді олардан үлкен сезінуім керек. Өзімді салмақты ұстап, Айдосқа ақыл айтудың орнына, жұдырығымды түйіп, сес көрсетіп қоямын. Әйгерім: «Сен бүйте берсең, олар саған ерегеседі» дейді. Айтқаны айдай келген жоқ па?! Иә, ку басым-ай, шынашақтай Әйгерімнің айтқанын енді ұққандаймын. Рақмет саған, ақылды қыз Әйгерім!» деп іштей күбірледі. Ол өзінің аңқау қылығына өкініп әрі теріс ойынан қатты ұялып, ләм деместен жүре берді. Кенет, «Қап! – деді іштей. – Мана Құтжолды босатып жіберіп, айтақтасам ғой, масқара болатын едім. «Не үшін айтақтадың, Айдын?!» десе, не дер едім?! Өзімнің досыма сенімсіздікпен қарауға қалай ғана дәтім барды десеңші. Бәрінің анық-қанығына көзімді жеткізбей, асығыс шешім қабылдай жаздауым ұят-ақ! Осылай кері ойлағанымға сол «тілазар» Айдостың тікелей қатысы бар! Бірақ ол осылай жасамаса, бәлкім, осы күйіммен жүрер ме едім бала болып...»

Ғанибет ҒАЛЫМБЕКҰЛЫ

МОЙЫНДАУ



Марат пен Қайрат Шалабай атайдың ауласына беттеп келе жатыр. Бір-бірлеріне «үндеме» дегендей, сұқ саусақтарын ауыздарына тақап, ымдасып қояды. Шалабай атайдың бау-бақшасы қандай керемет! Қаулап өскен неше түрлі жеміс-жидек пен көкөністер түрі көздің жауын алады. Әсіресе, алмасын айтсаңшы... Үлкендігі тау кеседей... Бұлар аяқтарының ұшымен басып, бақшаға кірді. Кенет, Марат: – Байқа, ана жерде дәу иті жатыр, көріп қалмасын! – дегені сол екен, иттен қорқатын Қайрат: – Қане?! Қайда?! – деп артқа шегіншектеп, ағаштың бұтағына ілініп тұрған бос шелекті басымен соғып қалып, қаңғыр еткізді. Осы сәтте дәу ит бұларды көре сала арс-арс етіп қуа жөнелді. Ал екеуі алды-артына қарамастан қашып келеді. Қайрат досынан арқан бойы алда безіп барады. Бұларға жете алмасын білді ме, әйтеуір, шаң қауып қалған дәу ит «енді келерсіңдер!» дегендей бір-екі рет арс-арс етіп, кейін қайтты.

– Бәріне сен кінәлі! – деді ағаштың көлеңкесінде демалып отырғанда Марат досына. – Енді сені ертсем бе... – Марат, – деді Қайрат әңгіменің ауанын өзгерткісі келгендей. – Өткендегі алмаға сылқия тойғанымыз есінде ме?.. – Иә... – деп селқос жауап берді Марат. Екеуі табиғатқа әлсін-әлсін көз тастап, демдерін басып біршама уақыт отырды. Солтүстік жақтан өкпек жел соғып тұр. Желдің екпінінен үзіліп түсіп жатқан сарғыш жапырақтар құдды желмен жарысқысы келгендей-ақ қалықтап ұшып барады. Өне, кейбір ойдым жерлерде үйіліп жатқан жапырақтарды көргенде, бір топ сары балапан шүпірлеп жиылып алғандай әсер береді екен. Кенет: – Шырақтарым, амансыңдар ма? Сендерге не болған, түрлерің өрт сөндіргендей ғой?! – деген дауыстан әуелгіде екеуі де селк ете қалды. Көз алдарында таяқ ұстаған Шалабай атай тұр. «Мәссаған,

безгелдек! Қазір бізді ұрады-ау...» деп ойлап үлгерген екеуі қапелімде отырған орындарынан бейне қаққан қазықтай болып тұра алмай қалды. – Неге үндемейсіңдер?! – деді қарт таяғын жерге нық қадап. – Бірдеңе болып қалды ма? Екеуі жұлып алғандай, жарыса: – Жо-жоқ! Ештеңе де болған жоқ, атай! – деді. – Е-е, дұрыс! – деді Шалабай атай. – Сендер жаңа осылай қарай қашқан екі бала көрмедіңдер ме? – Атай, біз жаңа ғана... – дей берген Қайраттың сөзін Марат іліп әкетті: – Иә, иә, атай, біз жаңа ғана үйден шықтық! Көрген жоқпыз! – деді. – Е-е, үйден жаңа шықсаңдар, көрмеген боларсыңдар... – деді Шалабай атай қулана күлімсіреп. – Оларды ұстай алмай жүргеніме көп болды... Жүгірмектер алмамды ұрлап қоятын емес! Алмасын үзіп қана алса мейлі ғой, бұтағымен сындырып алады. Мен ол тәттілерді не істейді деп ойлайды екен?! Ұрламай-ақ сұрап алса да беретін едім ғой... Егер олар ер жігіт болатын болса, кінәларын мойындап, әлі де кешіріп сұрап! – деді де, таяғын тықылдатқан күйі кері бұрылды. Әсіресе, соңғы сөзі нық әрі зілді шықты. Осы сәтте көктегі бозторғай «ер жігіт болсаңдар, кінәларыңды мойындандар!» дегендей бұлардың дәл төбелерінен ойкастай ұшады... Марат пен Қайрат енді шыдап тұра алмады: – Ата, ата, кешіріңізші, біз едік алмаңызды ұрлап жүрген... Кешіріңізші бізді... – деп жылап жіберді. – Әй, сендер ме едіңдер? – деп атай тағы да қулана күлімсіреді. Өйткені, бұлардың қашып бара жатқандарын көріп қойған болатын. – Ештеңе етпейді, – деді қария кезек-кезек бұлардың маңдайларынан сипап. – Біле білсеңдер, істеген істеріңді мойындарыңмен көтерсеңдер, бұл – ерлікпен парапар! Естеріңде болсын, «өтіріктің құйрығы – бір-ақ тұтам» деген. Ешқашан да өтірік айтушы болмаңдар... Ал, енді жүріңдер, мен сендерді алманың түр-түріне тойдырайын, – деді. Бұлар не барарын білмей, не бармасын білмей мелшиіп тұрып қалды...

ҚҰЛАҚҚАҒЫС



22 желтоқсанда (дүйсенбі) Қосшы қаласының Қоғамдық мәдени-спорт кешенінде қазақ эстрадасының танымал жұлдызы Қуандық Рахым өзінің жаңа ән кешін ұсынады.

Өтетін орны: Қосшы қаласы, Республика көшесі, 11. Қоғамдық мәдени-спорт кешені – өнерге арналған заманауи концерт залы. Бағдарлама: Концертте Қуандық Рахымның жаңа әндерімен қатар сүйікті хиттері орындалады. Жанды дауыспен шынайы эмоциялар сыйлайтын кеш болады. Билеттерді Тикетоннан алдын ала онлайн сатып алуға болады.

Бұл кеш – Қуандық Рахымның шығармашылығындағы жаңа кезеңді бірге қарсы алу және оның өнерін Қосшы қаласының көрермендерімен бөлісу мүмкіндігі.

Jana
Bastau

Меншік иесі –
«Bastau Media» ЖШС

Директор –
Бауыржан ҚАРАҒЫЗҰЛЫ

Бас редактор
Еркеғали БЕЙСЕНОВ

Бас редактордың орынбасары,
веб-редактор
Ғанибет ҒАЛЫМБЕКҰЛЫ

ЖУРНАЛИСТЕР:
Жанар АХМЕТОВА,
Аяжан ЕРБОЛ

ЖАРНАМА МЕНДЖЕРІ:
Мархаббат АСЫЛБЕК
8778 443 20 95

ТЕХНИКАЛЫҚ БӨЛІМ
Дизайнер-беттеуші

Ербол ҚАНАТҰЛЫ

Корректор
Ерік ЕЛЕУСІЗ

Нөмірдің кезекшісі
Аяжан ЕРБОЛ

• Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС,
Сілеті көшесі 30, тел: 8(7172) 99 77 77
• Таралымы 1 500

Бағасы келісім бойынша

• Газет аптасына 1 рет (әр аптаның сенбі күні) шығады.
• Республиканың барлық аймағына таратылады.
• Авторлардың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
• Әдеби қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды.
• Редакциямен келіспей, қайта басуға тыйым салынады.
• Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

• Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, Ақпарат комитетінде 18.01.2024 ж. тіркеліп, № КЗ07VPY00085845 куәлігі берілген.
• Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі: 04.02.2022, КЗ40VPY00045578

📍 Редакция мекенжайы:
Қосшы қаласы,
Республика даңғылы, 46

☎ Байланыс телефоны:
тел.: +7 (701) 709-88-82

📰 Газет «Jana bastau» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

✉ janabastau2022@gmail.com

🌐 www.janabastau.kz